

**Шыңғырлау аудандық мәслихатының 2008 жылғы 6 наурыздағы "Аз қамтылған отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін беру тәртібімен Қағидасын бекіту туралы" N 6-3 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау аудандық мәслихаттың 2010 жылғы 25 ақпандағы N 27-3 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы әділет басқармасында 2010 жылғы 6 сәуірде N 7-13-125 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау аудандық мәслихатының 2010 жылғы 10 тамыздағы N 31-8 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау аудандық мәслихатының 2010.08.10 N 31-8 Шешімімен**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148-ІІ "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6, 7-баптарына сәйкес Шыңғырлау аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

Шыңғырлау аудандық мәслихатының 2008 жылғы 6 наурыздағы "Аз қамтылған отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін беру тәртібімен Қағидасын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 7-13-68 тіркелген, 2008 жылғы 4 мамырда аудандық "Серпін" газетінде жарияланған) N 6-3 шешіміне төмендегідей өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Қ а ғ и д а с ы н ы ң :

2 т а р м а ғ ы н д а :

"Батыр ана", "Алтын алқа" медалімен марапатталған аналарына", "Батыр ана", "Алтын алқа" медалімен марапатталған аналар" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

"Зейнеткерлер, әкесі немесе анасы (асырап алушылар) бірінші, екінші топтағы мүгідектердің, мүгедек балалардың" деген сөздер "Ең төменгі зейнетақы алушы зейнеткерлер және сексен жастан асқан зейнеткерлер" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

3 т а р м а ғ ы н д а :

"Зейнеткерлер, әкесі немесе анасы (асырап алушылар) бірінші, екінші топтағы мүгідектердің, мүгедек балалардың" деген сөздер "Ең төменгі зейнетақы алушы зейнеткерлер және сексен жастан асқан зейнеткерлер" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

6 тармағы осы мәтіндегі абзацпен толықтырылсын:

"Тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызметтерді төлеуге белгіленген өтемақыға телефон шығыны есептеледі."; 9 тармағында :

""Батыр ана", "Алтын алқа" медалімен марапатталғанын" деген сөздер алынып тасталсын.

Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы* *Г. Е. Жакиев*  
*Аудандық мәслихат хатшысы* *М. Ж. Малтиев*